

2012 жылдың бірінші тоқсаны

www.enrc.com

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші өртаратандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5% акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minercao Minas Bahia SA (MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.

Бас атқарушы директор Феликс Вулис:

“Біз өнімдердің көпшілігі бойынша өндірісті толық қуат деңгейінде сақтадық және мыс өндіру көлемін ұлғайттық. Бірақ, әлсіз баға мен ферроқорытпалар өндірісінің уақытша төмендеуі тоқсандық түсімге әсер етті. Ғаламдық экономиканың тұрақсыздығы мен рыноктың қысқамерзімді волатильділігіне қарамастан, біз шығындарды бақылауға және біздің ұзақмерзімді өсу бағдарламамызды жүзеге асыруға ұмтыламыз”.

2012 жылғы бірінші тоқсанның негізгі қырлары

Негізгі көрсеткіштер

- Барлық өнім түрлері бойынша өндіріс толық қуат деңгейінде сақталды. Мыс өндіру 36,8% ұлғайды.
- Түсім 2011 жылғы бірінші тоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда анағұрлым түсті. Бұл біздің өнімге деген әлсіз баға құру салдарынан болды.
- Бағалар инфляциясы болжамдарға сәйкес.
- Қуатты қаржылық позиция: қолда бар қаражаттың жалпы көлемі 0,9 млрд АҚШ долларын құрайды; несиелік қарыздың жалпы көлемі 3,3 млрд АҚШ долларын құрады.
- Органикалық өсу бағдарламасы жоспарға сәйкес.

Даму бағдарламалары мен 2012 жылға жоспар

- Шұбаркөлдiң 75% сатып алу аяқталды. Бұл бірінші санаттағы активтер портфолиосын күшейтіп, Қазақстандағы негізгі бизнестер арасындағы синергияны қамтамасыз етті.
- Конго Демократиялық Республикасындағы FQM компаниясына тиесілі болған активтер мен жер қыртысын барлауға бөлінген жерлерді сатып алу аяқталды. Бұл өңірдегі өсу платформасын нығайтты.
- Болжам бойынша 2012 жылы өндіріс толық қуат деңгейінде сақталады.
- Жоспарға сәйкес сату көлемінің жылдық орташа өсу құны шамамен 20% деңгейінде сақталады.
- Жоспарлы күрделі шығындар шамамен 2,7 млрд АҚШ доллары көлемінде сақталады.

2012 жылғы бірінші тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Хром кенін қазып алу (қатарлы) – 1,081 млн тонна (Q1* 11: 1,209 млн тонна, 10,6% төмен)
- Тауарлы хром кенін өндіру – 755 мың тонна (Q1 11: 926 мың тонна, 18,5% төмен)
- Марганец кенін қазып алу (қатарлы) – 618 мың тонна (Q1 11: 596 мың тонна, 3,7% ұлғаю)
- Тауарлы марганец концентратын өндіру – 176 мың тонна (Q1 11: 172 мың тонна, 2,3% ұлғаю)
- Барлық өндірілген феррохром – 325 мың тонна (Q1 11: 351 мың тонна, 7,4% төмен)
- Барлық өндірілген ферроқорытпа – 431 мың тонна (Q1 11: 450 мың тонна, 4,2% төмен)

2 Темір кені бөлімшесі

- Темір кенін қазып алу (қатарлы) – 10,204 млн тонна (Q1 11: 10,715 млн тонна, 4,8% төмен)
- Бастапқы темір кені концентратын өндіру – 4,178 млн тонна (Q1 11: 4,287 млн тонна, 2,5% төмен)
- Тауарлы темір кені концентратын өндіру – 2,021 млн тонна (Q1 11: 1,675 млн тонна, 20,7% ұлғаю)
- Тауарлы темір кенді шекемтас өндіру – 1,891 млн тонна (Q1 11: 2,228 млн тонна, 15,1% төмен)

3 Глинозем и алюминий бөлімшесі

- Боксит қазып алу (қатарлы) – 1,258 млн тонна (Q1 11: 1,334 млн тонна, 5,7% төмен)
- Глинозем өндіру – 330 мың тонна (Q1 11: 404 мың тонна, 18,3% төмен)
- Алюминий өндіру – 62 мың тонна (Q1 11: 62 мың тонна, өзгеріссіз)

4 Энергетика бөлімшесі

- Көмір қазып алу (қатарлы) – 5,866 млн тонна (Q1 11: 5,802 млн тонна, 1,1% ұлғаю)
- Электр энергиясын өндіру – 3948 ГВт (Q1 11: 3781 ГВт, 4,4% ұлғаю)

5 Өзге түсті металдар

- Мыс кенін қазып алу (қатарлы) – 429 мың тонна (Q1 11: 398 мың тонна, 7,8% ұлғаю)
- Тауарлы (катодты) мыс өндіру – 8 988 тонна (Q1 11: 6572 тонна, 36,8% ұлғаю)
- Кобальт кенін қазып алу (қатарлы) – 338 мың тонна (Q1 11: 246 мың тонна, 37,4% ұлғаю)
- Металл мен концентраттағы кобальт – 2 736 тонна (Q1 11: 2 805 тонна, 2,5% төмен)

6 Логистика бөлімшесі

- Темір жол арқылы тасымалданған тауарлар тоннажы – 14,675 млн тонна (Q1 11: 16,061 млн тонна, 8,6% төмен)

* Q1 – бірінші тоқсан

Күрделі шығындар бағдарламасы

2012 жылы Top 2,7 млрд АҚШ долларын игереді, оның 0,8 млрд АҚШ доллары күрделі шығындарды қамтамасыз етуге бағытталады.

Күрделі шығындар бағдарламасының негізгі нысандары келесі жобалар болды:

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Ақтөбе ферроқорытпа зауытында қуаты жылына 440 мың тонна төрт тұрақты ток пешінің құрылысы (750 млн АҚШ доллары, 2013 жыл*).

2 Темір кені бөлімшесі

- Кен базасын кеңейту (825 млн АҚШ доллары, 2014-2016 жылдар).
- Қуаты жылына 7 млн тонна жоғары сапалы концентратты байыту кешенінің құрылысы (455 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).
- Қуаты жылына 5 млн тонна күйдіру машинасының құрылысы (555 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).
- Қуаттылығы жылына 1,8 млн тонна ыстық брикеттелген темір өндіру зауытының құрылысы (ЫБТ) (675 млн АҚШ доллары, 2014 жыл).

* Барлық даталар жобаның аяқталу мерзімін білдіреді

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Қуаты жылына 136 мың тонна анод шығаратын цехтың құрылысы (240 млн АҚШ доллары, 2012 жыл).

4 Энергетика бөлімшесі

- Ақсу ЖЭС-дегі №6 энергоблоқты қалпына келтіру (265 млн АҚШ доллары, 2013 жыл).

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс (тотығы) өндірісін кеңейту (280 млн АҚШ доллары, 2013 жыл).
- SX/EW технологиясымен кобальт тотығын өндіретін зауыт құрылысы (30 млн АҚШ доллары, 2012 жыл).
- Жаңа мыс өндіру зауытын салу (80 млн АҚШ доллары, 2012 жыл).
- Зерттеу жұмыстары (50 млн АҚШ доллары, 2011 жыл).

6 Логистика бөлімшесі

- Темір жол вагондарын, контейнерлер мен жартылай вагондарды сатып алу (230 млн АҚШ доллары, 2011 жыл).

Аналитиктердің соңғы пікірлері

Morgan Stanley: 21.03.11 – Сатып алу

Біз OW және PT рейтингін сақтаймыз; 2012 жылғы сауда кезіндегі акциялардың «баға-түсім» коэффициенті 6.9x көрсеткішін құрайды, ал саланың орташа көрсеткіші 7.9x құрайды. Біздің пікірімізше, ENRC төмен шығынды феррохром өндірісі мен жақындағы мыс бизнесін сатып алу аясындағы компанияның өсу мүмкіндіктері сынды тартымды басымдықтар ұсынады. Біз алдағы тоқсанда мыс өндіру жоспарларының жаңаруын күтеміз.

Deutsche: 22.03.12 – Сатып алу

ENRC қаржылық жағынан тиімді операциялар жүргізу саясатын сақтайды. Біздің пікірімізше, ENRC өсу мүмкіндіктерін көбейтті. Бірақ қолда бар қаражат көлемі оларға жетпеуі мүмкін. Сондықтан, капиталды қайта үлестіру жаңа Төраға мен Директорлар кеңесінің негізгі жұмысы болады.

UBS: 22.03.12 – Сатып алу

Жаңа Төраға тағайындалғаннан бері ENRC корпоративтік басқаруға алаңдаушылық танытуда. Компанияның жаңа Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына өзгерістер енгізді, FQM компаниясы арасындағы дауға шешім тапты және компания коммуникациясын оңтайландырды. ENRC-дің халықаралық активтер құнын ұлғайту ұмтылысын ескере отырып, біз 2012 жылы қайта құру болуы мүмкін деген болжам жасаймыз.

Bank of America Merrill Lynch: 21.03.12 – Сатып алу

ENRC болжамы бойынша, Конго Демократиялық Республикасындағы мыс активтеріндегі өндіріс көлемінің ұлғаюын қоса есептегенде, барлық бөлімшелер бойынша өндіріс толық қуат деңгейінде сақталады Болжамға сәйкес, рынок тұрақсыздығы сақталады, бірақ компания Қазақстандағы шығыны төмен өндіріс басымдығын сақтайды деп есептейді. Біз «сатып алу» рейтингін сақтаймыз.



Байланыс

ENRC Қазақстан (Астана):

Корпоративтік коммуникациялар департаменті

+7 (7172) 592 153

+7 (7172) 592 152

press@kz.enrc.com

ENRC PLC (Лондон):

Юлия Кальчева

+44 (0) 20 7389 1861

julia.kalcheva@enrc.com

www.enrc.com

Стратегия



Төмен шығынды өндірісті қолдау



Өндірістік қорлар мен қуаттарды тұрақты жетілдіру және өңдеу



Компания құндылығын арттыру және өнімдер ассортиментін ертартапандыру арқасында клиенттер базасын кеңейту продукции



Активтер портфелін және табиғи ресурстар саласында аймақтық және әлемдік деңгейде қатысуды ертартапандыру



Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауға жете ерекше назар аударып, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарын ұстану